

2026 жылдың наурыз айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы 51,2 млрд. теңгеге 159,1 мың ақша аударымдары жіберілген. 2026 жылдың ақпан айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 20,4%-ға өссе, көлемі 16,5%-ға өсті.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа ХААЖ арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ХААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2026 жылдың наурыз айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 2,6% және жалпы сомасының 3,6% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 97,4% және 96,4% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2026 жылдың ақпан айында шетелге ХААЖ арқылы 49,4 млрд. теңге сомаға 154,9 мың транзакция жіберілді. 2026 жылдың қаңтар айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 20,5%-ға өссе, көлемі 16,8%-ға өсті.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей – 22,4 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 45,3%), Түркия – 8,6 млрд. теңге (үлесі – 17,4%), Өзбекстан – 7,7 млрд. теңге (үлесі – 15,5%), Грузия – 3,0 млрд. теңге (үлесі – 6,2%), сондай – ақ Қырғызстан – 1,8 млрд. теңге (үлесі – 3,6%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	142,38	91,9%	40 750,83	82,6%
Вестерн Юнион	7,28	4,7%	6 205,44	12,6%
MONEYGRAM	1,03	0,7%	1 133,27	2,3%
UPT	1,23	0,8%	874,71	1,8%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,03	2,0%	390,84	0,8%
Жалпы жиынтығы	154,94	100,0%	49 355,07	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	112,36	72,5%	22 373,43	45,3%
Түркия	16,03	10,3%	8 568,48	17,4%
Өзбекстан	13,17	8,5%	7 669,21	15,5%
Грузия	1,51	1,0%	3 047,78	6,2%
Қырғызстан	3,16	2,0%	1 774,16	3,6%
Әзірбайжан	0,99	0,6%	1 096,57	2,2%
Армения	0,61	0,4%	1 052,33	2,1%

Қытай	0,82	0,5%	1 045,50	2,1%
Корея Республикасы	1,16	0,8%	572,01	1,2%
Америка Құрама Штаттары	0,37	0,2%	375,13	0,8%
Басқалар	4,76	3,1%	1 780,49	3,6%
Жалпы қорытынды	154,94	100,0%	49 355,09	100,0%


Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелге жіберілген аударымдардың негізгі үлесі қазақстандық теңгеде (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 77,9%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 60,7%) және АҚШ долларымен (тиісінше 9,9% және 28,3%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2026 жылдың наурыз айында Қазақстанға шетелден ХААЖ арқылы 16,0 млрд. теңге сомаға 46,2 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2026 жылдың ақпан айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны 13,0%-ға өссе, көлемі 3,9%-ға өсті.

Шетелден алынған ақша көлемі бойынша келесі елдер көш бастап тұр: Ресей - 3,5 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 22,0%), Америка Құрама Штаттары – 2,8 млрд. теңге (үлесі – 17,6%), Түркия – 2,2 млрд. теңге (үлесі – 13,8%), Өзбекстан – 1,7 млрд. теңге (үлесі – 10,7%), сондай-ақ Германия – 1,3 млрд. теңге (үлесі – 8,0%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	17,68	38,3%	7 216,02	45,1%
Вестерн Юнион	17,35	37,6%	5 579,19	34,8%
MONEYGRAM	8,26	17,9%	2 954,53	18,4%
UPT	2,77	6,0%	222,45	1,4%
Басқа ақша аудару жүйелері	0,11	0,2%	44,57	0,3%
Жалпы жиынтығы	46,18	100,0%	16 016,75	100,0%


Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	14,70	31,8%	3 525,63	22,0%
Америка Құрама Штаттары	6,97	15,1%	2 826,01	17,6%
Түркия	5,07	11,0%	2 210,53	13,8%
Өзбекстан	2,21	4,8%	1 706,71	10,7%
Германия	6,59	14,3%	1 283,67	8,0%
Корея Республикасы	1,47	3,2%	757,36	4,7%
Грузия	0,95	2,1%	578,83	3,6%
Қырғызстан	0,84	1,8%	570,27	3,6%
Әзірбайжан	0,33	0,7%	221,62	1,4%
Франция	0,45	1,0%	189,53	1,2%
Басқалар	6,61	14,3%	2 146,61	13,4%
Жалпы қорытынды	46,18	100,0%	16 016,75	100,0%

Валюталар бойынша

ХААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 43,7% және жалпы сомасының 57,6%) және қазақстандық теңге (тиісінше 27,4% және 20,7%) жүргізілді.

Алынған аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Алынған аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

